



22-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Сапалық деректерді талдау, 1





Сапалық деректермен жұмыс істеуді бір жағынан оңай, екінші жағынан қиын деп те айтуға болады. Оңай деп айтатын себебіміз математиканы, әртүрлі графиктерді, сандармен жұмыс істеуді жаны сүймейтін, ондай жолдармен жұмыс істеуді ауыр қиындық сияқты көретіндер үшін сапалық деректермен жұмыс істеу әлдеқайда оңай сияқты көрінеді. Ал қиын деп айтуымыздың себебі сапалық деректермен жұмыс істеу сандық деректердегі сияқты анық, тап-тұйнақтай, нақты бір сатылар арқылы жүзеге асырылуы қиын болуы мүмкін. Өйткені мәтіндермен, контентпен, мазмұнмен жұмыс істеген кезде, ақпараттардың көптігінен оларды басқара алу, оларды түсіндіре алу, олардан қандай да бір тұжырым жасап шығару қиын болуы мүмкін. Әдетте сапалық талдау тәсілін таңдаушылардың жинайтын деректері сандық дерекпен жұмыс істейтіндерге қарағанда әлдеқайда көп болып жатады. Сондай-ақ сапалық деректер адамдардың сезімдерімен, эмоцияларымен, басынан өткізген тәжірибелерімен байланысты болғандықтан, оны талдаудың жалғыз жолы интерпретация беру арқылы болуы мүмкін.

Сапалық деректермен жұмыс жасауда көп студенттер мынандай қателіктерге бой алдыруы мүмкін:

- 1) көптеген тәсілдермен және олармен байланысты әдебиеттермен жұмыс істеуге көп уақыт жұмсайды;
- 2) өз жобасына сәйкес келуі мүмкін немесе мүмкін болмайтын бір әдісті таңдап алады;
- 3) дұрыс анықталған методологиялық протоколдарсыз талдау жасайды;
- 4) осылардың бір комбинациясын қолданады.

Ондай қателіктерге бой алдырмау үшін сіздің белгілі бір стратегияңыз болғаны дұрыс. Ол стратегияға мына сатылар жатуы мүмкін: (1) шикі деректерді ұйымдастыру – бұл сатыда сіз өзіңіздің зерттеу сұрағыңызбен байланысты болуы мүмкін деген әртүрлі ақпараттарды жинай бастайсыз. Жеткілікті деректерді жинап болған соң, оларды жүйелеп, олармен жұмыс істей бастайсыз. Осылайша екінші кезеңге өтесіз; (2) деректерді енгізу және кодтау – бұл туралы тағы да кеңірек тоқталып өтеміз; (3) тақырыптық талдау арқылы мағынаны іздеу – бұл кезеңге келгенде сіз әртүрлі деректерден жиналған материалдарыңыз арқылы солардағы ортақ бір мағынаны табуыңыз керек. Мысалы, егер сіз Қазақстандағы қазіргі діни ахуал тақырыбын зерттеп отырған болсаңыз, онда соған байланысты жиналған деректердің бәрін бір жүйелеп, сол деректердегі ортақ бір мәнге келесіз; (4) мағынаны интерпретациялау – ол мәнді енді өз түсінігіңізге салып түсіндіресіз және (5) қорытынды жасау – және ең соңында жасаған тұжырымыңыз туралы қорытынды жасайсыз. Жалпы көріністі ойға ала отырып, яғни зерттеу сұрақтары, мақсаттары мен міндеттері, әдіснамалық шектеулер мен теорияны ескере отырып, қорытынды жасау керек екенін естен шығармаңыз.

Сапалық деректермен жұмыс істеу барысында өзіңізге мына сұрақтарды қоя отырыңыз:

1. Үміттеріңіз – не табымын және не таппаймын деп үміттенесіз;
2. Зерттеу сұрақтары, мақсаттары мен міндеттер – жобаның мақсаттарына қол жеткізуге көмектесу үшін деректермен қалай жұмыс істей аласыз. Теория – деректеріңіз теорияларыңызды қалай дәлелдейді, теорияңыз деректеріңізді түсіндіруге қалай көмектеседі және деректеріңіз балама теорияларға сілтеме жасай ма; және
3. Әдістер – қолданылған әдістер нәтижелерге қалай әсер етуі мүмкін.

Сапалық деректермен жұмыс істегенде жұмыс істеу тәртібін бір жүйеге келтіріп алу ең дұрысы. Сол жағдайда сіз жұмыстарыңызды тиімді басқара аласыз.

Тиісті бағдарламалармен танысу

Алдыңғы дәрісімізде біз сандық деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін статистикалық бағдарламаларды қарастырып шықтық. Ал енді сапалық деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін сондай бағдарламалар бар ма? Әрине бар. Бірақ олар аса көп қолданыла бермейді. Мен сіздерге олармен де таныс болып, олардың беретін мүмкіндіктерін біле жүргеніңіз дұрыс болар еді деп ойлаймын.

Ондай бағдарламаларға мыналар жатады:

- NVivo, MAXQDA, The Ethnograph – мәтінді индекстеу, іздеу және теориялау үшін қолданылады;
- ATLAS.ti – бейнелерге, сондай-ақ сөздерге қолдануға болады;
- Concordance, HAMLET, DICTION – контент талдауында көп қолданылады;
- CLAN – әңгіме талдауында көп қолданылады;

Бұл бағдарламалар туралы толық ақпарат www.textanalysis.info сайтында бар.

Сапалық деректермен жұмыс істегенде тапқан деректеріңізді үнемі компьютерге немесе арнайы өзіңіз жинап отырған папкаға оларды енгізіп отыруды ұмытпаңыз. Егер деректерді енгізуді бастап кеткен болсаңыз, онда сізде әтүрлі бағыттағы деректер жиналатыны анық. Сондықтан деректерді жинағанда



белгілі бір тәртіппен немесе жүйемен жинауға дағдыланыңыз. Мысалы, аса маңызды дереккөздер, соңғы жарияланған еңбектер, сұхбаттар, контент анализ жүргізу керек мәтіндер деген сияқты әртүрлі папкаларды ашып сақтасаңыз, кейін оларды іздеп табу да оңай болады. Деректерді жинақтағанда оларды қаншалықты сіздің зерттеуіңіз үшін өзекті екенін, жазылған еңбектің сенім тудыра алу қабілеті қаншалықты жоғары екенін қарап шығыңыз. Барлық деректерді сүзгілемей жинай берсеңіз, соңында соларды арасында құнды деректерді де жоғалтып алуыңыз мүмкін. Егер сапалық деректермен жұмыс істеуде компьютерлік бағдарламада жүргізгіңіз келсе, онда тапқан құжаттарыңызды не басқа да электронды емес деректерді сканерлеу не оның скриншотын жасау не оларды суретке түсіру арқылы оларды электронды форматқа айналдыру қажет болуы мүмкін. Бірақ егер сапалық деректерді қолмен талдаймын деп шешкен болсаңыз, онда индекстік карталар, маркерге арналған тақталар, стикерлер және маркерлер сияқты сапалық талдау құралдарын дайындау керек болады.

Сапалық деректерді талдауға арналған бағдарламалар не істей алады? Олар негізінен: (1) қолмен жасай алатын барлық нәрселерді бірақ тиімдірек жасай алады; және (2) қолмен өңдеуге мүлдем келмейтін үлкен деректер жиынтығын өңдей алады. Ондай бағдарламалардың ішінде ең кең тарағаны NVivo. Қажет болса онлайн түрде қысқаша курстардан өтіп алсаңыз болады. Бірақ дегенмен, сапалық деректермен жұмыс істеуге көп ізденушілер арнайы бағдарламаларды қолданбайды.

Оның бірнеше себептері бар:

1) таныс болмау – зерттеушілер не істей алатындары былай тұрсын, бағдарламалар туралы білмеуі мүмкін;

2) оқуға жұмсалатын қаражат тым көп және/немесе оны табу қиын болып көрінеді;

3) олар сапалық деректері үшін мұндай бағдарламаларды қолданғысы келмеуі мүмкін. Мұнда артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Шағын дерек жинақтарымен жұмыс істейтін болсаңыз және сапалық деректерге талдау жасамайтын болсаңыз, онда деректерді қолмен жасау жеткілікті болады. Бірақ сапалық талдаудың анағұрлым терең деңгейіне жеткеннен кейін, басқару үшін үлкен деректер жинағыңыз болса немесе болашақта сапалық деректермен жұмыс істегіңіз келсе, онда ұзақ уақыт білім алуға тура келеді. Және кейінірек бұл еңбегіңіздің ақталғанына куә боласыз.

Индуктивті және дедуктивті ойлау арасында қозғалу

Сапалық деректермен жұмыс істеудің тағы ең жиі қолданылатын тәсілі бұл индуктивті және дедуктивті тәсілдермен жұмыс істеу. Индукция тәсілі дегеніміз жекеден жалпыға қарай өту. Мысалы, сіз соңғы уақытта елімізде қандай қоғамдық мәселелер өзекті болып жатыр деген сұрақты қарастыратын болсаңыз, онда бірінші жеке-жеке посттарды, видеоблогтарды немесе саяси бағдарламалардағы сұхбаттарға контент талдау жасау арқылы, содан соңында жалпы бір қорытындыға келесіз. Кейде осындай жолмен жасалған талдау нәтижесінде сіз негізделген теория жасап шығуыңыз мүмкін, оны ағылшынша “grounded theory” деп атайды. Негізделген теория бойынша сіз мысалы, осындай бір деректерді жекелей-жекелей алып жинақтай бересіз, жинақтай бересіз және соларды талдау арқылы бір негізді теория ұсынасыз. Мысалы, Қазақстанда діни секталардың күрт көбеюіне қандай себептер болды деген сұраққа жауап табу үшін индуктивті зерттеуге жүгінуіңіз мүмкін. Ол үшін сұхбат аласыз, бақылау жүргізесіз, жарияланған еңбектерге контент талдау жасайсыз т.с.с. Нәтижесінде оның басты себептері мынадай, мынадай деген сияқты тұжырымдар бересіз. Яғни осыдан сіз мынадай негізделген теория жасап шығара аласыз. Мысалы, белгілі бір жағдайларда адамдар дінге бет бұруға бейім келеді, мынадай тарихи жағдайлар адамдардың дінді медет тұтынуына әкеледі деген сияқты. Ал дедуктивті тәсіл болса, керісінше жалпыдан жекеге қарай жылжуды білдіреді. Мысалы, сіз жалпы мектептерде білім деңгейі жақсы емес деген жалпылама тұжырым жасайсыз және оны дәлелдеу үшін жеке-жеке мектептерді қарастырып, соның дұрыс не бұрыстығын дәлелдеп шығасыз.

Сапалық деректерді талдаудың әдістері

Сапалық деректерді талдаудың өзіндік әдістері бар. Оларға мыналарды жатқызамыз: (1) сыңаржақ пікірлерді анықтау және жалпы әсерлерді атап көрсету; (2) деректерді редукциялау (мен білетін ащы сөз, бірақ ретсіз шикі деректерден толық түсінікке өтудегі маңызды этап), ұйымдастыру және кодтау; (3) паттерндер мен өзара байланыстарды іздеу; (4) тақырыптардың картасын жасау және құру; (5) теорияларды құру және тексеру; және (6) қорытынды жасау.

Сапалық деректермен жұмыс істеудің екі ерекшелігі бар. Сапалық деректермен жұмыс істегенде бір



сызықпен жүрген сияқты жоспармен жүру қиын болады, әртүрлі деректерді тауып, біліміңіз толыққан сайын қайта-қайта артқа шегініп қайтып отыруы керек болуы мүмкін. Екіншіден, редукциялық процесті іске асыруыңыз керек. Редукция дегеніміз қысқарту немесе азайту, немесе тазалау деген мағынаға келеді. Мысалы, сіз біршама мол деректерді жинадыңыз делік. Сізде жеткілікті ақпарат бар сияқты көрінеді. Бірақ кейін көбірек біле түскен сайын, жинаған деректердің біразын алып тастауға, немесе қысқартуға тура келеді. Сонда сіздің бастапқыда көп болып көрініп тұрған еңбегіңіз, редукциялық тәсілден соң қайтадан азайып қалып отырады. Осы процесс бірнеше рет қайталануы мүмкін. Және кейде оның соңына дейін жетуі мүмкін емес сияқты көрінетін кездер болады. Сондықтан бара-бара сіз ең құнды материалдарды ғана қалдырып отыратын боласыз.

Сапалық деректермен жұмыс істеу кезеңдерін былай келтіруге болады: Шикі деректер, Ұйымдастырылған деректер, Редукцияланған деректер, Өзара байланыстырылған деректер, Тақырыптық деректер, Теориялық мағыналы түсініктеме беру. Сапалық деректермен жұмыс істегенде кез келген басқа зерттеу түріндегідей өзіңіздің жаңсақ пікірлеріңізді басқара білуіңіз тиіс. Субъективті пікірлерге бой алдырып қоймаңыз. Екінші этап – Жазған еңбегіңізге шолу жасап шығыңыз.

Тақырыптарды редукциялау және кодтау

Талдаудың келесі кезеңі – тақырыпты редукциялау. Бұл жоғарыда айтылып өткен зерттеуіңізге байланысты болады-ау деп жолма-жол қосып отырған деректерден жұмысыңызды тазалап шығу. Бұл біршама уақытты қажет ететін еңбек. Тағы бір жағынан сіз сондай мұқияттылықпен жинаған деректерді алып тастауға көзіңіз қимауы мүмкін.

Сөздерді зерттеу

Сөздерді зерттеу дегенімізді тағы да контент анализ деп те атап жатады. Сөздерді зерттеуді жоғарыда айтылған NVivo бағдарламасы арқылы жасасаңыз болады. Ол мысалы сіз жинаған құжаттардың ішіндегі қандай да бір сөздің немесе сөз тіркесінің пайдалану жиілігін есептеп шығарады. Соның арқасында ол сөзбен байланысты жағдайға талдау жүргізе аласыз. Мысалы, 2018 жылы Димаштың аты қандай жиілікпен айтылған, 2019 жылы қандай жиілікпен айтылған деген сияқты талдау жүргізіп, бір жылдың ішінде оның танымалдылығының қаншалықты өскеніне талдау жасап бере аласыз. Сөздің қандай мәтіндерде жиірек қолданылатынын санау арқылы ол қандай жас аралығындағы, қандай ортада кеңірек танымал екеніне талдау жасауға болады. Бұл жерде мен сіздерге түсінікті болсын деп, оңай әрі қарапайым мысал келтіріп отырмын және Димашқа қатысты жайттарды жалпы контент талдаусыз-ақ көпшілігіміз білеміз, бірақ бұл әлеуметтік талдауға келгенде көпшілікке белгісіз, нақты ғылыми түрде зерттелмеген тақырыптар бойынша болуы мүмкін. «DICTION» немесе «Concordance» сияқты бағдарламалар да сізге осы жағынан көмекке келуі мүмкін.

Зерттеудің тағы бір тәсілі: Лингвистикалық құралдарды зерттеу. Лингвистикалық құралдарға метафоралар, аналогиялар және тіпті мақал-мәтелдер жатады. Кей жағдайда осы құралдарды зерттеу арқылы спикердің ниетін, саяси астарын немесе не нәрсеге басымдық беретінін, болмаса қандай нәрсеге түбегейлі қарсы екенін ғылыми түрде дәлелдеуге көмегі тиюі мүмкін.

Дәл сөздерді зерттеген сияқты біз Бейвербалды ишараларды да зерттей аламыз. Оған сөздердің тондары мен эмоциялық сезімдерінен гөрі сөздерге, сөзбен ілесіп жүретін дене тіліне немесе тіпті айтылмаған сөздерге назар аудару жатады. Дыбыстың сарыны, деңгейі, жоғарылығы және қарқынын барлау; көңілді немесе жүйкелік күлкі тенденциясы; бет әлпет көрінісі мен дене тілі; және осылардың баршасындағы өзгерістер мағыналы түсініктемеге жету талпынысында маңызды болуы мүмкін.